Маңғыстау Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы

BasQary қоғамдық қоры
БСН: 170440004006
Астана қ, Айтматов 31
тел : 87776297529

83966617-ГСЗ1 лоты бойынша конкурстық өтінімдерді бағалау нәтижелерімен таныса отырып, «BasQary» қоғамдық қоры келесі мәселелер бойынша келіспейтіндігін білдіреді

1. **Жұмыс тәжірибесінің болуы өлшемі бойынша** BasQary ұйымының өтініміне 2 баллы тағайындалды. Ұйымның аталған өлшем бойынша «**сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін** (құқықтық ағартушылық) **ұқсас қызметтерді көрсету нарығында** әлеуетті өнім берушінің екі жылдан астам және бес жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі» өлшемінде 6 балл иеленуі қажет.

Анықтама:

Қарағанды облысының Ішкі саясат басқармасы:

2018 ж. - Азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару шешімдерін қабылдау үрдісіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған ұйымдастырушылық және оқыту іс-шаралары.

2019 ж . - Азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару шешімдерін қабылдау үрдісіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған ұйымдастырушылық және оқыту іс-шаралары. (аталған жоба аясында облыстың шалғай ауылдары қамтылған)

Шымкент қаласы Ішкі саясат басқармасы:

2024 ж. - “Azamattyq BasQaru”: Шымкент қаласы аумағында азаматтық белсенділікті және жергілікті қоғамдастықтардың әлеуетін арттыру.

Жетісу Ішкі саясат басқармасы:

2024 ж. - “Azamattyq BasQaru”: Жетісу облысындағы мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру

Астана қаласы ішкі саясат басқарамасы:

2025 ж. - «Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы іс-шаралар кешенін ұйымдастыру» жобасын іске асыру аясында Заң мен Тәртіп қағидасын іске асыру.

Ақмола облысы Ішкі саясат басқарамсы:

2025 ж. - «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және халықты аумақтарды басқару процестеріне тарту».

Аталған жобалар облыс аумағындағы тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруды көздеген. Бұл өз кезегінде «Заң мен Тәртіп» қағидасына сәйкес келетін жобалар. Сонымен қатар, ұйым 2025 жылғы «Заң мен тәртіп» жобасын іске асырғанын ескеруді талап етеміз.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығына сәйкес *(21-қосымша)* «әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы өлшемінде» 6 ұпай сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін **ұқсас қызметтерді көрсету нарығында** әлеуетті өнім берушінің екі жылдан астам және бес жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі болғанда тағайындалады.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салаларға сәйкестігі тұрғысынан бағаланатыны көрсетілген. Бұл тұрғыда аталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс **азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау және азаматтық қоғамды дамытуға жәрдемдесу** бағытын қамтып отыр.

2. **«Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі» өлшемі бойынша** BasQary ұйымының өтініміне 0 баллы тағайындалды. Бұл өлшем бойынша **4 балл** ұсынылуы қажет.

«Жобаны және (немесе) бағдарламаны іске асыруға **тартылатын мамандардың** тиісті құжаттармен расталған ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) Бағдарламаның қызмет **түрлеріне сәйкес жеткілікті өтілі мен біліктілігі болады**» өлшеміне сәйкес келген жағдайда 4 балл тағайындалуы қажет. Қор жетекшісі жергілікті өзін-өзі басқару мәселелерінде 10 жылдан астам тәжірибесі бар маман. Тиісті құжаттар ұсынылды.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 452-тармағында: “Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қолданылмайды:

1) төлем қабілеттілігінің болуы;

2) шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарының болуы.

Осыған сәйкес, аталған өлшем бағаланауға жатпайды.

4. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 21-қосымшасына сәйкес бағалау өлшемшарттарындағы «Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның келесі бөлімдерді қоса алғанда, Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі бөлігінде:

- Мәселенің сипаттамасында **зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен негізделуі қажет.**

Алайда хаттама бойынша жеңімпаз ретінде танылған ""ЭкоМаңғыстау", "Қазақстанның болашақтағы жастар қозғалысы" ҚБ үкіметтік емес мекемесі ұсынған өтінімде бұл талаптар орындалмаған. Яғни, өтінімде **объективті**

деректер, БАҚ пен ақпарат көздеріне тиісті сілтеме көрсетілмеген. Бұл ретте ұйымның өтінімі сәйкессіз ретінде танылу керек.

Аталған өлшем бойынша, яғни зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен негіздеу қажеттілігін қарастыратын тиісті **уәкілетті орган хаты бар.**

Жоғарыдағы талаптарды ескере, келесі өлшемдер бойынша BasQaru қорының өтініміне:

Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы – 6 балл;

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі – 4 балл тағайындауды қажет деп санаймыз.

Жалпы жұмыс тәжірибесі – 8 жыл. Жалпы 20 балл тағайындауды қарастыруды сұраймыз.

Қабылданған шешім қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өз құқықтарымызды қорғау мақсатында сот органдарына жүгінетінімізді хабарлаймыз.

BasQary қоғамдық қоры **М. Ермағанбетұлы**

27.04. 2026 ж.